

## 11– дәріс

### Тоқымашылық өндірісінің технологиясы. Өндірістің кезеңдері мен үрдістері. Тоқымашылық иірімжіптерді дайындау

Иіру өндірісінен келетін иірімжіп дайындау процестерінің кезеңдерінен өтеді (сурет 1). Собықтағы (початок) негізгі иірімжіпті ең алдымен орау машиналында, орау бөлімдерінде қайта орайды. Оларды иіру паковкаларынан орау паковкаларына қайта орайды, себебі бұл келесі процесс тізіп орауға ыңғайлы. Қайта орау процесі кезінде иірімжіптен түйін, қалындап кеткен бөліктерін жояды. Орау бөлімінде қайта оралған және бақылаудан өткен негізгі иірімжіп тізіп оралуға жіберіледі. Тізіп орау кезінде тізіп орау машиналарында паковкаға – тізіп орау білігіне белгілі бір ұзындықтағы жіптер оралады.

Одан кейін негізгі иірімжіпті шлихталаудан өткізеді. Шлихталау процесі кезінде иірімжіпті шлихта деп аталатын, арнайы желім құрамымен сіндіреді. Осының арқасында негізгі жіптер берік, біртегіс және үйкеліске төзімді болады. Шлихталау кезінде біруақытта бірнеше тізіп орау біліктерінен келген жіптерді біріктіріп, тоқымашылық орауына орайды.

Тоқымашылық орауындағы шлихталанған негізгі жіп сабақтау бөліміне түседі, мұнда негізгі жіптердің бір бөлігі ламелдер, ремизкалар көзшелеріне және бердалардың тісшелердің арасына сабақталады. Жіптерді арнайы сабақтау станоктарында сабақтайды. Негізгі жіптердің көп бөлігі түйіншектеу машиналарында жалғанады.

Негізгі ұғымдар мен терминдер:

- Тоқыма өндірісі
- Иірімжіп (пряжа)
- Иіру
- Тарақшалау
- Өрім

- Қорытынды: өндіріс технологиясын жетілдіру бағыттары мен тиімділігін арттыру

Бақылау сұрақтары:

1. Тоқымашылық өндірісінің негізгі кезеңдері қандай?
2. Иірімжіп дайындау процесінің ерекшеліктері неде?
3. Қандай иірімжіп түрлері бар және олар қайда қолданылады?
4. Иірімжіптердің сапасын қалай бақылауға болады?
5. Тоқымашылық өндірісінің тиімділігін қалай арттыруға болады?

Әдебиет:

1. Мұхаметжанова Г.К. Тоқыма өндірісі технологиясы, 2020
2. Назаров А.И. Текстиль өнеркәсібінің негіздері, 2021
3. Казаков В.В. Иірімжіп өндірісі, 2022
4. Textile Technology and Engineering, Elsevier, 2023
5. Садықов С.Т. Текстиль өндірісінің технологиясы